



Шөмішбай  
**Гариев**



ТАҒАД

1





# Шөмішбай

**Екі  
томдық  
шығармалар  
жинағы**

# Сариев



**Бірінші  
том**



“Елорда”  
Астана - 2006

ББК 84 Қаз 7

С 22

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ  
СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**САРИЕВ Ш.**

С 22 *Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том.*

— Астана: Елорда, 2006. — 344 бет.

ISBN 9965-06-427-X

Франц Кафка атындағы Халықаралық Алтын медаль сыйлығының, “Жыл Адамы — Алтын Адам” сыйлығының және “Платина Тарлан” сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі акын Шөмішбай Сариевтың екі томдық шығармалар жинағының бірінші томына 1991— 2005 жылдар аралығындағы өлең-жырлары енді.

С  $\frac{4702250201-377}{00(05)-06}$

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-06-427-X


© Сариев Ш., 2006

© “Елорда”, 2006



---

## АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА НЕМЕСЕ САУАЛҒА ЖАУАП

- Туған күнііңіз?
  - Он бесінші сәуір.
  - Туған жылыңыз?
  - 1946 жыл.
  - Туған жеріңіз?
  - Шөміш стансасы, Арал ауданы, Қызылорда облысы.
  - Әке-шешеніз?
  - Әкем — Нағашыбай Сарыұлы. Шешем — Мәрияш Өтениязқызы Сары келіні.
  - Алғашқы ұстазыңыз?
  - Ақын Зейнолла Шүкіров.
  - Кейінгі ұстаздарыңыз?
  - Әбділда Тәжібаев, Зейнолла Қабдолов, Сұлтанғали Садырбаев, Фафу Қайырбеков...
  - Алғашқы әдебиет әлемінде жарыққа шығуыңызға кімдер үлес қосты?
  - Алғашқы “Балдәурен” кітабымның алғы сөзін ақын Әбділда Тәжібаев жазды. “Жас керуен” кітабына ақын Тұманбай Молдағалиев енгізді. Ал, “Қанат қақты” кітабына еруге Қадыр Мырзалиев ұсынды.
  - Алғашқы еңбек жолыңыз қалай басталды?
  - Мектеп бітірісімен Қазалы аудандық “Ленин туы” газетінде және Арал аудандық “Толқын” газетінде қызмет атқардым.
  - ҚазГУ-ді бітірісімен алғашқы еңбек жолыңыз...
  - Алғашқы еңбек жолым “Қазақстан” баспасында редактор болудан қадамды аттадым...
  - Одан соң...
  - Одан соң “Жұлдыз” журналының әуелі сын бөлімінде, сосын поэзия бөлімінде, өнер және ғылым бөлімінің меңгерушісі болдым.
  - Содан кейін...
  - Мұхтар Омарханұлы Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып, “60-70 жылдардағы қазақ лирикасы. Көркемдік ізденістер” атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғадым.
  - Жанұяңыз? Жұбайыңыз?
- 





— Жұмагүл Қаженқызы. Екі үл, бір қызым бар. Бакытжан, Шолпан, Байсал. Өзірге төрт немерем бар. Қаракөз, Айшабибі, Зейнолла, Гауһар...

— Қанша туындыңыз бар?

— Он бестен астам кітабым, үш жүзден астам ән-өлеңдерім бар...

— Алған сыйлықтарыңыз?


— Франц Кафка атындағы Халықаралық Алтын Медаль сыйлығының лауреаты, “Жыл Адамы — Алтын Адам” сыйлығының лауреаты, “Платина Тарлан” сыйлығының лауреаты атты атаққа ие болдым.





## МЕН ХАЛҚЫМНЫҢ ЖҮРЕГІМЕН ЖЫРЛАДЫМ

Ұлы озендей бір аялдап тұрмадым,  
Толқын болып алас ұрып тұнғаным,  
Мен халқымның тілегімен санасып,  
Мен халқымның жүрегімен жырладым.





## ДУНИЕНІ ЖАЛТ ҚАРАТСАМ ДЕП ЕДІМ

Неткен жұмбақ шексіз аспан көк едің,  
Ғалам деген қандай ғажап кең едің.  
Жүрегімнен өлең сыйлап өмірге,  
Дүниені жалт қаратсам деп едім.

Өмір қызық, адам оған тоймайды,  
Ғұмырымды ұзартсам деп ойлайды.  
Таулар үнсіз құлақ салған жырыма,  
Не жазсам да бір қозғала қоймайды.

Жердің өзі бір орнында тұрмайды,  
Өмір деген бір ешқашан тынбайды.  
Шалқар айдын өлеңімді кей-кейде,  
Теңіз терең толқынымен тыңдайды.

Табиғатта зат болмайды тіл білмес,  
Өмір-жұмбақ, құпиясын білдім кеш.  
Өзен-бұлақ, дариялар да асығыс,  
Жыр шумағын тындауға да үлгірмес.

Тағдыр деген сан мың саққа сүйрейді,  
Тіршілік пен өмір өзі билейді.  
Тауларға да бір қарауға қол түгіл,  
Көзіміздің қолы кейде тимейді.

Тірлік сыйлар тұз-дәмдерін татамын,  
Ойға шомып, бір ғажапқа батамын.  
Дүниенің бәрі сондай қарбалас,  
Сонда да мен өлең жазып жатамын.

## МЕН ХАЛҚЫМНЫҢ ЖҮРЕГІМЕН ЖЫРЛАДЫМ...

Ерекше Құдай берген бір бағым,  
Мен халқымның жүрегімен жырладым.  
Ақын болсам, азабыммен ақынмын  
Тұлға болсам, қазағыммен тұлғамын.

Сағынышты жырларымның бәрі мұң,  
Айлы жұлдыз, аспан күннің жарығын,  
Дүниелі, мынау жұмбақ әлемді,  
Мен қазақтың жанарымен таныдым.

Мен алдында басымды идім Құдайдың,  
Өмір деген жүзер мұхит ұлы айдын,  
Қазағымның қуанышы бақыт боп,  
Мен қазақтың мұңыменен мұңайдым.

Жүйрік өмір, бір күн бізден озар күн  
Қимай-қимай қолын сонда созар кім?!  
Қазағымның жаныменен жыр жаздым,  
Қазағымның арыменен сөз алдым.

Адал болса жауымды да кешірдім,  
Өз бойымды бірте-бірте өсірдім.  
Қазағымның тауларымен тең тұрып,  
Қазағымның даласындай көсілдім.

Жырларыммен түнгі аспанды тыңдаттым,  
Арасынан бақыт іздеп гүл бақтың,  
Тұнып тұрған көл-бұлақтай мөлдіреп,  
Өзен-дария ағысымен бірге ақтым.

Ұлы өзендей бір аялдап тұрмадым,  
Толқын болып алас тұрып тұнғаным,  
Мен халқымның тілегімен санасып,  
Мен халқымның жүрегімен жырладым.



---

## ҚАЙТ, РАЙДАН

*Ана тілінің мемлекеттік тіл болуына қарсы  
кейбір дүбәра, шала қазақтарға хат*

Ел болдық, елдігімізге ақылмен жетер,  
Сонша момын болармыз ба, мақұлмен кетер.  
Тілімізді сатпақ мәңгүрттер бар,  
Ісіне қарасаң көпірден бетер.

Болғаны ма шет жұрттан жиғаны көп,  
Өзінен гөрі өзге ұлтқа ибалы боп,  
Жүзі — қазақ,

Миы басқа,

О, қасқа,

Иншалла десе де иманы жоқ...

Амал тауып алатынын алып жатыр...  
Ойыңнан қайт деп халқың налып жатыр,  
Қазақтың оқығандары неғып жатыр,  
Өртке айналар отты пықсытып жағып жатыр.  
Қайран тіліне, тілінді тигізер ме едің  
Болмасаң, қаны—қазақ,

Жаны—көпір.

Көзінді шұқып айтпасак,  
Жай сөзге қысылайын деп жүрсің бе?  
Туған тіліңнің көрін қазып,  
Табытын ұсынайын деп жүрсің бе?  
Олара мезгілді пайдаланып,  
Әруақ назарына ұшырайын деп жүрсің бе?

Тоғыз ай толғатқан туған анаңды—анам десең,  
Әкеңнің арғы аталарын—бабам десең,  
Жаңылмас—жақ,

Сүрінбес—тұяқ жоқ деген,

Қорқ кудайдан,

Қайт райдан,

Қазақтың жүрегінде қалам десең!

Қасиетті киелі қазақ біліп ал,  
Туған тіліңнің періштесі, пірі бар.  
Ә-ә-й! Ата-бабанның әруағы атқыр,  
Анаңның тілінде не әкеңнің құны бар?!

## ЕЛБАСЫ

Айтар ұрпак,  
Бүгін және кейін де,  
Жаралғансыз,  
Сенім менен мейірге,  
Ел аралап,  
Ел-халқыңмен кездесіп,  
Шомылдыңыз,  
Ықылас пен пейілге.

Бұдан артық,  
Ел-жұртыма не дейін,  
Болдың патша,  
Хан-Тәңірге теңейін,  
Күллі әлемнің,  
Тұлғалары алдында,  
Үстем еттің,  
Бұл қазақтың мерейін.

Жүрегінде,  
Ар-намысы болғасын,  
Кез келгенге,  
Ие бермес Ел басын,  
Кіндік жұртым,  
Сарыарқада тік тұрып,  
Астанадай,  
Қала салған Елбасым.

Сөзімді айтсам,  
Бармай алыс әріге,  
Халқымызға,  
Қала керек әлі де,  
Париж көрдім,  
Рим бардым,  
Дели бар,  
Қала салған,  
Ұлылардың бәрі де!



Болар ме еді,  
Алтындарды тапса көп,  
Бабы болса,  
Мәуелейді бақша көк,  
Қазағымның,  
Хан-сұлтаны қаншама,  
Дәл өзіндей,  
Қала салған патша жоқ!

Жалғанменен,  
Ақиқатты тең бөліп,  
Айтам ойды,  
Ел аралап Ел көріп,  
Көріп тұрып,  
Бағаламау бар істі,  
Барып тұрған,  
Пендешілік, пенделік!

Жұлдыздарын,  
Жайып салған түн ғажап,  
Тәуелсіз боп,  
Атқан әрбір Күн ғажап,  
Болашақта,  
Болам деген,  
Дәл өзіндей,  
бола алса,  
бола білсін бір Қазақ!

Қазақ үшін,  
Жанды салып өтелік,  
Алатаудай,  
Биік еңсе көтеріп,  
Бұл бір дүние,  
Жеткізбейтін бір жүйрік,  
Тәуелсіздік!  
Жалын ұстап жетелік!

Ғұмыр кешкен,  
Тау мен Дала құмында,  
Білген қазақ,  
Қуанышын, мұңын да.



Азаматтық,  
Қайраткерлік туыңыз,  
Желбіресін,  
Елорданың шыңында!

Я, Құдайым,  
Тәңір өзі қолдашы,  
Бір өзіңмен,  
Басталғандай жол басы.  
Алатау мен  
Саған арқа сүйейміз,  
Қазағымның,  
Өр еңселі — ЕЛБАСЫ!

\* \* \*

Ей, дүние, жаныма дем бересің,  
Демің тартып ішіңнен сен келесің.  
Киелі қара ормандай жайқалып бір,  
Ғажап толқын — ұрпақ пен тербелесің.

Ей, дүние, жүректе қан ойнаттың,  
Қан тасытып, кей-кейде абайлаттың.  
Сүріндіріп, кей-кейде құлап тұрып,  
Тіршіліктің тағдырын сан ойлаттың.

Ей, дүние, жиылып көзіме ендің,  
Мендей ме екен, білмеймін, сезімі елдің.  
Сан қилы, сан тараулы ұлы жолда,  
Ерітіп, кей-кей жанға өзім ердім.

Мені де мойындайтын кезі келер,  
Ақынның құпиялы — сезімі — өнер.  
Ей, дүние мен сенің бөлшегіңмін,  
Бір өзіңнен бөлініп, өзіңе енер.

Тыншымай таңғажайып мына тылсым,  
Кеудем — толқын көгіме бір атылшы.  
Жүрегіме дем беріп Ей, дүние,  
Сен көзімнің алдында тұра тұршы...





\*\*\*


Айналамда құстар үні, құс үні,  
Құлағымнан,  
жүрегіме жеткен бір.  
Табиғат-ау,  
жасыл-желек пішіні,  
Мені қоршап, айналамда көктем жүр.

Аман болса қауіп пенен қатерден,  
Бұл тірлікке сапар кешкен жол — бақыт.  
Осы көктем,  
мені өмірге әкелген,  
Жан анаммен бірге өзі толғатып.

Бір үмітті ұялатып көңілге,  
Мезгілімен келген маусым — әр қонақ.  
Осы көктем,  
көз ашқанда өмірге,  
Әлдилеген  
шуағымен жанды орап.

Бастау алар — тауға сүйеп иегін,  
Озендерге жүрегімді тасыттым.  
Осы көктем  
мінезімен сүйемін,  
Осы көктем  
жанарымен ғашықпын.


Бұлбұл әуен көктем деген қызық ән,  
Аққу бейне, ару жүзді, қыз-көрік.  
Менің көктем жүрегімнен  
жылыған,  
Үш ай қыста тас боп қатқан  
мұз да еріп.



---

Дария тасып, арнасы асып күш толған,  
Өзіңе-өзің қалай ғана сиясың.  
Менің көктем жүрегіме  
                        күс қонған,  
Қайта оралып,  
                        салып жатыр ұясын.

Сан алуан сәулелерге боятып,  
Бұл дүние жаралғандай өлеңнен.  
Күнмен бірге тіршілікті оятып,  
Көктемменен бірге жырлап келем мен.





## АҚЫН ШЫҚТЫ АТ АРЫТЫП ТОРҒАЙДАН

*Менің әрі ағам, әрі ұстазым,  
әрі досым қазақтың ақыны —  
Ғафу Қайырбековке арнаймын*

Автор

Ақын шықты ат арытып Торғайдан,  
Жолығады Бақытына жол қайдан?!  
Жүрегінде найзағайша от шашып,  
Сол арпалыс,

Сол бір айқас,  
Сол Майдан!

Алатауға ұзағандай қиялы,  
Ыбырайдай ортасы бар зиялы.  
Ақын шықты ат арытып Торғайдан,  
Ахаң менен Міржақыптар тұяғы!

Арқалы ақын ала-тұғын ол орап,  
Сансыз тағдыр кес-кестеді жол орап.  
Бір қалыспай,


Өкшелесіп Сырбайдан,  
Келе жатты,  
Жарқыл қағып сол орақ!


Қызығатын,  
Қайран қалып,  
сүйіп кеп,

Шаншығанда жыр уығын иіп кеп.  
Қастерлеумен Қасым ақын жырларын,  
Қасымменен дәурен кешті биіктеп!

Құдай берген жарқылдатып тіліне от,  
Ақын еді той-думансыз күні жоқ.  
Әдебиеттің алға тартты керуенін,  
Ғабаң, Сәбең ағаларға іні боп!

Бірде дана,  
бірде сәби бала еді,





Бір туатын,  
                    қайталанбас жан еді.  
Жазушылар Одағының сәні еді,  
Ортамызда ұлы тұлға аға еді!

Таңырқатып,  
                    мынау ұлы мекенді,  
Ел алдында талай парыз өтелді.  
Күлкі-өзілмен,  
                    көрікті оймен көркейіп,  
Ақындықтың абыройын көтерді.

Талай майдан өртінен де сау қалып,  
Бұлт тіреліп,  
                    жаңғырыққан тау барып.  
Дағыстанның Ғамзатовын сөйлетті,  
Бір кітабын,  
үш аптада аударып.

Дөңгеленген дүниеден жоқ қашты,  
Сан көміліп,  
                    сан сарайлар тот басты.  
Бірде Пушкин,  
                    Бірде Байрон тілімен,  
Барша қазақ жүрегіне от шашты.

Қанатты еді, қия-шыңға қонатын,  
Жаны — жырға,  
                    кеудесі — отқа толатын.  
Маңдайына біткен Ұлы Қазақтың,  
Қайырбеков Ғафу еді,  
                    сол Ақын!



## ГИМАЛАЙ МЕН ТАГОР \*

Ұлы Адам жатыр Үндіде,  
Әлемді жаулап ақыры.  
Биік-төмен басқыштай,  
Өмір деген сатылы.  
Рабиндранат Тагор —  
Ұлы Үндінің ақыны!

Жер жаһаннан жер-көктен  
Ашылғандай оған есігі.  
Толқын мұхит тербеткен,  
Бенгал оның бесігі.  
Калькутта да туса да,  
Әлемге жеткен есімі!


Кеудеңе өлең гүл еккен,  
Түз-дәмін жырдың татындар,  
Жетсем деп әрбір жүрекке,  
Ұлты үшін туған ақындар.  
Үндінің Елі сол үшін  
Рабиндранат Тагормен, —  
Мақтануға хақың бар!

Мұхитындай Үндінің,  
Жүрекке толқын тұнғаны-ай.  
Не демейді кім бүгін,  
Десе дағы кім қалай!  
Ұлы Ақын тумау мүмкін бе,  
Таулары болса —Гималай!

---

\* Үнді тілінде жарық көрген “Теңізден соққан жел” атты кітабымның тұсау кесер тойында, Дели қаласында оқылған өлең.






---

Сөйледі жырым Үндіге,  
Жыр тұлпарым жосқандай,  
Тағдырлары тоғысқан,  
Өнер — мәңгі, дос қандай.  
Менің Арал жүрегім,  
Мұхитына Үндінің,  
Өз толқынын қосқандай!

Үнді жұртын тербеткен,  
Таулары биік тірегі,  
Шекспирді сөйлеткен,  
Ұлы Тагор жүрегі.  
Толқын болып тербелдім,  
Сәлем саған, Мен келдім,  
Ұлы Тагор, Ұлы Елі.

Айы жарық Күн қандай,  
Жұлдызға толы аспаны,  
Аспанды тіреп тұрғандай,  
Гималай шынды асқары.  
Ұлы ақын тумау мүмкін бе,  
Елінде туса теңдессіз,  
Рамайна дастаны.

Толқыны құсты қайырған,  
Мен де бір теңіз тасқыны ем,  
Жолдарында жайылған,  
Мрамордай тас кілем.  
Гималай мен Тагордың  
Ұлы Еліне —  
Үнді Еліне басты ием!





---

## АЛТЫ АЛАШ

Ұтылады, ұтады,  
Бірге ауаны жұтады,  
Ағайыным,  
Алты Алаш,  
Бір бәйтерек бұтағы.

Өткен өмір — бәрі мұң  
Жапырағы — жанымын,  
Ағайыным,  
Алты Алаш,  
Бір Бәйтерек тамырым.

Көктем келсе гүлге енем  
Бүршігім мол бүрлеген.  
Жайқаламын жел соқса,  
Алты Алашпен бірге мен.

Тамырыммен жалғадым  
Жапырағым — жан-жағым.  
Алты Алаштың арманы,  
Менің ұлы арманым.

Бәріне де қанағат,  
Ұрпақ саған аманат.  
Алты Алаштың туымен  
Жиыл жұртым, жамағат!

Бір Құдайым берер деп,  
Көз алмаймын сенен көк.  
Бұтағымды биіктет,  
Тамырымды тереңдет!

Кенес құрмай —  
алқалас,  
Шерім  
бұлттай тарқамас,  
Бір бәйтерек бұтағы,  
Ағайыным,

Алты Алаш!



\* \* \*

Баянды өмір бақыт қой,  
Тұлпар еткен құлынды.  
Адамға — өлшем Уақыт қой,  
Таразылар ғұмырды.

Күндер де бір баянсыз,  
Не болғаны белгісіз.  
Қайда оны жаярсыз,  
Шындыққа да бергісіз.

Баянсыздық желге ұшар  
Кезіп жүрген қаңбақтай.  
Баяндылық қол қысар,  
Кез болғанын аңдатпай.

Баянсыздық — аяғың  
Желге ұшқан сөз болар.  
Іздеп өмір баянын  
Ажалға адам кез болар.

Кейінгі ұрпақ біле біл,  
Білмей біздер ұмтылдык.  
Баянды ма бұл өмір,  
Баянсыз ба қу тірлік.

Бір аттатпай зіл-зала  
Аяғымыз — жеңгенде.  
Келер ұрпақ бір ғана,  
Баянымыз — сендерде!

Толқын өнер арнасы  
Сыйытуда ұлы Жер.  
Баянды өмір жалғасы,  
Иығыңда ұлы Жер.



\* \* \*

Бірге оянып бозала таңымменен,  
Сапарға тартқан алыс жаным — кедем.  
Астанада біз болдық май айында,  
Бұл айдың ежелгі аты — Мамыр деген.

Кеште де, тал түсте де, таң да тұнық,  
Есіл өзен толқиды жарға атылып.  
Өзен бойлап жүрген бұл ерсіл-қарсыл,  
Астананың тұрғыны — Алматылық.

Толқыны бірде атылып, бір атылмай,  
Емініп Есіл өзен тұнатындай.  
Алматылық жандардың жанарында,  
Алатау елес беріп тұратындай.

Жолыма — ақ тілекті төсей бердім,  
Өлеңнің шоғын түртіп, көсей келдім.  
Жадында жастық шағы кекселердің,  
Жадында балалығы — есейгеннің.

Астанада жыр-кесте сезім — өрем,  
Болғасын өзім ақын, өзім — өлең.  
“Елу жылда — Ел жаңа” деген осы,  
Қараймын мен Елудің көзіменен.

Бұл шаһардың адамы — рас жаңа,  
Шырқатып ән салар жер — Күләш қана.  
Елудің жанарында арудайын,  
Қандай жас,  
қандай сұлу бұл Астана!

Бәрі қолда — жасампаз жасар жасқа,  
Бәрі қиял — биікті аса алмасқа.  
Әр дәуір — бір Астана жасай алсақ,  
Кең далам бір көркейіп жасармас па?